

«Қолға арналған сұйықтық» косметикалық заттың қолданылуы жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

Сұйықтық құрамына кіретін белсенді заттарға байланысты, қол терісін жұмсарту, созылғыштығын жақсарту үшін қолданылатын, антисептикалық және қабынуға қарсы әсері бар сұйықтық.

Саудалық атауы

Қолға арналған сұйықтық

100 мл сұйықтықтың құрамы:

10% аммиак ерітіндісі, глицерин, 96 % этанол, иістендіргіш (раушан), тазартылған су.

Сипаттамасы

Мөлдір, алма мен аммиакқа тән иісі бар түссіз сұйықтық.

Қолданылуы

Қол терісінің құрғауы және жарылуы кезінде оны жұмсарту үшін қолданылатын сұйықтық.

Қолдану тәсілі және дозалары

Ересектерде сыртқа қолданылады. Сұйықтықты сабынмен тазалап жуылған, жақсы кептірілген қол терісіне күніне 2-3 рет жағады.

Жағымсыз әсерлері

-аллергиялық реакциялар (терінің қызаруы және бөртюі, қышыну)

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- сұйықтық компоненттеріне жоғары сезімталдыққа;
- тері бетінің зақымдануы;
- терінің қабыну ауруларында (соның ішінде, дерматиттер, экзема) және басқа да тері ауруларында;
- 18 жасқа дейін.

Айрықша нұсқаулар

Сұйықтық тек қана сыртқы қолданысқа арналған. Көз және шырышты қабаттарға түсуін болдырмау. Сұйықтықтың көзге және шырышты қабаттарға түскен жағдайда судың жеткілікті мөлшерімен шаю ұсынылады.

Өнімнің автокөлік және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді.

Қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілмеген аллергиялық реакциялар немесе басқа да жағымсыз әсерлер пайда болған жағдайда, дереу қолдануды тоқтатып, дәрігерге қаралған жөн.

Артық дозалануы

Анықталмаған

Шығару түрі және қаттамасы

40, 80 мл сұйықтықтан пластмасса қақпағы немесе алюминий қалпақшасы бар полимер тығынмен тығындалған немесе бүркегіш қондырмамен шыны массадан жасалған құтыда, тамшылы құтыларда немесе бүркегіш қондырмамен жабдықталған боялған полипропиленнен жасалған құтыларда шығарылады.

Құтыларды қолданылуы жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықтардың сәйкес санымен картонға салып, жылу ұстағыш үлбірмен тартып орайды немесе гофрланған картоннан жасалған жәшікке салады.

Сақтау шарттары

Жақсы тығындалған ыдыста және жарықтан қорғалған жерде, 25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

2 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін пайдалануға болмайды.

Өндіруші: «Сұлтан» ЖШС, Қазақстан.

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар) сапасына қатысты шағымдары қабылдайтын ұйымның мекенжайы:

«Сұлтан» ЖШС, Алматы обл.,
Талғар ауд., Еркін ауылы, Б.Момышұлы к-сі, 5.
Телефон: +7 (727) 305 48 80/-65